

ӘОЖ 373.3

ҒТАМР 14.25.09

<https://doi.org/10.48371/PEDS.2026.81.2.041>

## БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ КРЕАТИВТІЛІГІН ДАМУДА ПӘНАРАЛЫҚ ЖОБАЛАР ҚҰРУ

\*Алиманова А.Т.<sup>1</sup>, Жазықова М.К.<sup>2</sup>, Альситова А.Б.<sup>3</sup>, Мустаяпова А.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

<sup>4</sup>Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан

**Аңдатпа.** Қазіргі білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамыту мәселесі ерекше өзекті. Зерттеу пәнаралық білім беру жобаларының осы жастағы балалардың креативтілік қабілеттерін қалыптастыруға әсерін жан-жақты талдауға бағытталған. Зерттеудің негізгі мақсаты-бастауыш сынып оқушыларында шығармашылықты дамыту құралы ретінде пәнаралық жобалардың тиімділігін анықтау және бағалау. Мақала білім беру үдерісіндегі пәнаралық жобалардың рөлі туралы жаңа ғылыми түсінік қалыптастырады және педагогика мен психология салаларына айтарлықтай үлес қосады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы мұғалімдер мен білім беру ұйымдары үшін тиімді әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу мүмкіндігі болып табылады. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері оқу сапасын жақсартуға және оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпал етеді деп күтілуде.

Мақалада ғылыми әдебиеттерді жан-жақты талдауға, сондай-ақ шетелдік елдердің сәтті пәнаралық жобаларын мазмұндық талдауға негізделген сапалық және сандық зерттеу әдістері қолданылады. Зерттеу барысында шетелдік тәжірибелерді талдау негізінде бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға ықпал ететін пәнаралық жобалардың тиімділігін қамтамасыз ететін 7 негізгі фактор анықталды: білімді интеграциялау, сыни ойлауды дамыту, практикалық бағыттылық, шығармашылық еркіндік, пәнаралық құзыреттілік, оқу мотивациясы және ынтымақтастыққа негізделген жұмыс. Сонымен қатар бастауыш мектеп жағдайында қолдануға ұсынылған «Экологиялық зерттеу» және «Уақыт қапсуласы» жобаларының құрылымы даярланды. Алынған қорытындылар білім беру бағдарламасына жобаларды енгізудің шығармашылықты ынталандыру және бастауыш сынып оқушыларын инновациялық қызметке дайындау үшін маңыздылығын атап көрсетеді. Зерттеу пәнаралық жобалар бастауыш мектеп жасындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін қалай тиімді дамыта алатынын көрсете отырып, педагогикалық ғылымдары саласына маңызды үлес қосады. Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелеріне білім беру процесінде пәнаралық жобаларды енгізу және тиімді пайдалану бойынша практикалық ұсыныстар береді, бұл білім беру сапасын жақсартуға және оқушылардың жан-жақты дамуына ықпал етеді.

**Тірек сөздер:** креативтілік, креативтілікті дамыту, бастауыш сынып оқушылары, пәнаралық жобалар, пәнаралық оқыту, білім беру жүйесі, инновациялық тәсілдер, шығармашылық ойлау

### **Кіріспе**

Креативтілік – дарындылық құрылымына қарамастан, жалпы қабылданған идеялардан ерекшеленетін жаңа идеяларды құруға және қабылдауға дайындықты сипаттайтын тұлғаның шығармашылық қабілеттері. Креативтілік деп сонымен қатар статикалық жүйеде туындайтын мәселелердің шешімдерін табу мүмкіндігі түсініледі. Абрахам Маслоу концепциясына сәйкес, креативтілік әр адамның бойына тән шығармашылық бағыттылық болып табылады, бірақ өмір бойы қоғамның, тәрбиенің және білім беру жүйесінің әсерінен жоғалуы мүмкін [1]. Бастауыш мектеп жасы оқытудың маңызды кезеңдердің бірі болып табылады, өйткені осы кезеңде баланың жан-жақты дамуының кең мүмкіндіктері анықталады. Бастауыш сынып оқушыларында креативтілікті қалыптастыру және дамыту қажеттілігі тұлғаның практикалық бағытымен, сондай-ақ шығармашылық тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың тұжырымдамалық психологиялық принциптерімен байланысты.

Әдіскерлер, педагогтар мен психологтар алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі бастауыш сынып оқушыларымен шығармашылық әлеуетін ашуға ықпал ететін тұлғаға бағытталған өзара іс-қимыл тәсілдерін жетілдіру болып табылады.

Жыл сайын бастауыш мектеп жасында креативтілікті дамытуға бағытталған кешенді білім беру бағдарламалары әзірленіп, сынақтан өткізіледі. Дегенмен, олардың мазмұндық құрамында креативтілік қабілеттерді толыққанды дамыту қамтамасыз етілмейді, сонымен қатар шығармашылық қабілеттерін дамыту деңгейі жоғары бастауыш сынып оқушыларын анықтауға арналған диагностикалық құралдардың жеткіліксіздігі байқалады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, креативтілікті дамыту мәселелері бастауыш сынып оқушысының тұлғалық қалыптасу процесінде маңызды және өзекті болып табылады. Креативтілікті дамытудың маңызы, әсіресе бастауыш білім беру үдерісінде ойлау негіздерін, әлемді қабылдау тәсілдерін және өзара әрекеттесу әдістерін қалыптастыру кезеңінде артады [4].

*Зерттеудің мақсаты* – бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудағы пәнаралық жобалардың мүмкіндіктерін талдау және оларды білім беру тәжірибесіне енгізудің тиімді жолдарын ұсыну.

Бұл мақала бастауыш мектеп жасындағы балалардың креативтілігін дамытудағы пәнаралық жобалардың әлеуетін зерттеуге арналған. Білім берудегі пәнаралық тәсіл дәстүрлі пәндердің шекараларын кеңейтумен ғана шектелмей, балаларда ойлаудың икемділігін, стандартты емес шешімдер қабылдау қабілетін және оқуға шығармашылық көзқарасты қалыптастыруға ықпал етеді. Себебі, қазіргі білім беру жүйесі жылдам өзгертін әлем жағдайында білім алушыларды өмірге және кәсіби қызметке дайындау

қажеттілігіне тап болумен байланысты. Бұл тұрғыда шығармашылық жаңа жағдайларға бейімделудің, тез үйренудің және туындайтын мәселелерді шығармашылық шешудің негізгі дағдысы ретінде алдыңғы қатарға шығады. Пәнаралық жобалар өз кезегінде, бұл қасиеттерді ерте жастан дамытудың тиімді құралы болып табылады.

Дегенмен, көптеген білім беру орталары балалардағы креативтілік пен ойлау икемділігінің дамуын шектейтін дәстүрлі пәнге бағытталған оқыту тәсіліне бейім. Осыған байланысты шектеулерді еңсере алатын жаңа білім беру тәжірибелерін зерттеу және енгізу қажеттілігі туындайды.

### **Материалдар мен әдістер**

«Соңғы бес жылда (2021–2026 жж.) жарияланған отандық және шетелдік ғылыми еңбектерді талдау пәнаралық жобалардың бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудағы пәрменділігін растайды. Отандық ғалымдар С.М. Бахишева өз зерттеуінде жобалық оқытудың оқушы тұлғасының танымдық дербестігін оятудағы дидактикалық әлеуетін негіздесе [2], Ф.Б. Бөрібекова мен Н.Ж. Жанатбекова бұл технологияның бастауыш сыныптағы интеграциялық сипатын ашып көрсеткен [3]. Ал К.Ж. Бұзаубақова еңбектерінде жобалық әрекеттің шығармашылық белсенділікті ынталандырушы фактор екендігі эксперименттік тұрғыдан дәлелденген [4].

Халықаралық Scopus деректер базасына енетін заманауи зерттеулер де бұл бағытты тереңдете түседі. Жетістікті педагогикалық модельдерді зерттеген Bill Lucas (2017) пәнаралық жобалардың оқушы бойындағы сыни және шығармашылық ойлау тетіктерін қатар іске қосатынын атап өтсе [5], R. Keith Sawyer (2019) ұжымдық жобалар барысында мәселелерді бірлесіп шешу (collaborative problem-solving) дағдысының креативті өнім шығаруға тікелей әсер ететінін көрсетеді [6]. Бұл тұжырымдар жобалық оқытудың оқушылардың ХХІ ғасыр дағдыларын дамытудағы маңыздылығын дәлелдейді. Craft және Chappell (2011) жүргізген эмпирикалық талдаулар шығармашылыққа бағытталған жобалық ортаның бала қиялын ұшқырлап, жаңа идеялар генерациясы мен ойлау икемділігін (flexibility) айтарлықтай арттыратынын айқындады [7]. Сонымен қатар, Henriksen және оның әріптестері (2019) [8], сондай-ақ Veghetto (2010) өз еңбектерінде креативтілікті дамыту тек тапсырма орындаумен шектелмей, пәндерді мазмұндық интеграциялау, зерттеушілік әрекет және рефлексиялық бағалау сияқты үштік маңызды факторға негізделетінін дәлелдейді [9].

Зерттеудің мақсатына сәйкес шетелдік тәжірибені креативтілікті дамыту тұрғысынан талдау және оны Қазақстанда қолдану жолдарын анықтау бағытында келесі *зерттеу мәселесі тұжырымдалды*:

Шетелдердің пәнаралық білім беру жобаларын негізгі тәсілдер бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға қалай ықпал етеді және олардың отандық білім беру ортасына бейімделуінің тиімді жолдары қандай?

Бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға ықпал ететін шетелдердің пәнаралық білім беру жобаларын зерделеуге және

талдауға, сондай-ақ осы жобалардың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі тәсілдерді анықтау және оларды Қазақстанның білім беру жүйесіне бейімдеу мен интеграциялау мүмкіндіктерін талқылауға арналған зерттеу барысында әртүрлі әдістер қолданылды. Пәнаралық жобаларды жүзеге асыру үшін мектептерде қолданылатын оқу бағдарламалары мен материалдарын зерделеу және талдау жүргізілді. Бұл бағдарламалардың бастауыш сынып оқушыларында креативтілікті дамытуға қалай ықпал ететінін анықтау. Пәнаралық жобалардың практикалық мысалдары, соның ішінде оларды жоспарлау, іске асыру кезеңдері және алынған нәтижелер егжей-тегжейлі қарастырылды. Жобалардың тиімділігін кешенді түсіну үшін сапалы талдау жүргізілді.

### Нәтижелер

Зерттеудің практикалық кезеңінде ұсынылған пәнаралық жобалардың бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға әсерін анықтау мақсатында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Зерттеу «Ақтөбе қаласы білім бөлімі» ММ «Ғ.Ақтаев атындағы №6 мектеп-гимназиясының» бастауыш сынып оқушылары арасында ұйымдастырылды. Экспериментке 24 оқушы қатысты.

Оқушылардың креативтілік деңгейін анықтау мақсатында Э. Торренстің шығармашылық ойлауды диагностикалауға арналған бейнелік тестінің (Torrance Tests of Creative Thinking - ТТСТ, Figural Form A) бастауыш сыныптарға бейімделген нұсқасы пайдаланылды [10]. Тест нәтижелерін өңдеу барысында 4 негізгі критерий басшылыққа алынды: өнімділік (идеялар саны), икемділік (түрлі бағыттағы тәсілдер), түпнұсқалық (стандартты емес, сирек кездесетін жауаптар) және идеяларды егжей-тегжейлі дамыту (бейнені толықтыру деңгейі). Әр критерий бойынша алынған ұпайлар жиынтығы сәйкесінше жоғары, орта және төмен деңгейлік шкалаларға жіктелді (Кесте 1).

Кесте 1. Креативтілік деңгейін анықтау критерийлері, көрсеткіштері мен деңгейлері

Критерий	Көрсеткіш	Деңгейлері
Идеялардың түпнұсқалығы (Originality)	Стандартты емес шешімдер ұсыну	<b>Жоғары деңгей</b> - Көптеген идеялар ұсынады; Әртүрлі категориядағы шешімдер ұсынады; Ерекше, сирек кездесетін идеялар ұсынады; Идеяны толық ашып, нақты бөлшектермен байытады.
Икемділік (Flexibility)	Бір мәселені бірнеше тәсілмен шешу	<b>Орта деңгей</b> - Шектеулі идеялар ұсынады; Бірнеше бағыттағы шешімдер ұсынады; Ішінара жаңашыл идеялар ұсынады; Идеяны жартылай дамытады.
Өнімділік (Fluency)	Ұсынылған идеялар саны	<b>Төмен деңгей</b> - Идеялар саны аз; Бір ғана тәсілге сүйенеді; Көпшілікке тән жауаптар береді; Идея қысқа әрі жеткіліксіз сипатталған.
Толықтыру (Elaboration)	Идеяны дамыту және егжей-тегжейлі сипаттау	

Эксперименттік жұмыс аясында «Экологиялық зерттеу» және «Уақыт капсуласы» пәнаралық жобалары жүзеге асырылды. Жобаларды орындау барысында оқушылар зерттеу, шығармашылық, коммуникативтік және рефлексивтік әрекеттерге тартылды.

«Тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жұмысы 2025–2026 оқу жылының екінші жартыжылдығын қамтып, жалпы ұзақтығы 12 аптаға созылды. Эксперимент үш негізгі кезеңнен тұрды:

1. Анықтау кезеңі (1-апта): Э. Торренс әдістемесі бойынша бастапқы кесінді (диагностика) алынды.

2. Қалыптастыру кезеңі (2–11 апта): Оқу үдерісіне біз ұсынған «Экологиялық зерттеу» және «Уақыт капсуласы» атты пәнаралық жобалар мазмұндық тұрғыдан біріктіріліп, жүйелі түрде енгізілді.

3. Бақылау кезеңі (12-апта): Соңғы нәтижелерді тіркеу мақсатында қайтадан бақылау диагностикасы жүргізілді.

Зерттеуді ұйымдастыру және өткізу кезеңдерінде педагогикалық және психологиялық эксперименттердің этикалық қағидалары қатаң сақталды. Тәжірибелік жұмыстар бастау алмас бұрын, мектеп әкімшілігімен келісім жасалып, экспериментке қатысқан 24 оқушының ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен зерттеу шарттарымен танысқандығы туралы жазбаша ерікті келісімдер жиналды. Ата-аналарға зерттеудің мақсаты, мерзімі және қолданылатын әдістемелер туралы толық ақпарат берілді.

Эксперименттік сабақтар мен диагностикалау процедуралары балалардың күнделікті оқу режиміне ешқандай кедергі келтірмейтін, олардың психологиялық, эмоционалдық және физикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтірмейтін қауіпсіз білім беру ортасында, қолайлы жағдайда жүргізілді. Тестілеу нәтижелерін өңдеу мен жариялау барысында конфиденциалдылық (құпиялылық) принципі сақталып, оқушылардың жеке бас деректері (аты-жөні, үлгерім рейтингі) жасырын ұсталды. Алынған барлық көрсеткіштер тек осы ғылыми зерттеудің жалпыланған статистикалық мақсаттары үшін ғана пайдаланылды.

Алынған нәтижелер пәнаралық жобаларды жүйелі қолдану оқушылардың шығармашылық белсенділігіне, өз бетінше шешім қабылдауына, жаңа идеялар ұсынуына және оқу тапсырмаларын орындаудағы икемділігіне оң әсер еткенін көрсетті. Алынған деректер пайыздық талдау әдісі арқылы өңделді және экспериментке дейінгі және кейінгі нәтижелер салыстырылды. Креативтілік деңгейінің динамикасы төмендегі 2-кестеде берілген.

Кесте 2. Креативтілік деңгейінің динамикасы


Креативтілік деңгейі	Экспериментке дейін	Эксперименттен кейін
Жоғары	5 (20,8%)	10 (41,7%)
Орта	12 (50,0%)	11 (45,8%)
Төмен	7 (29,2%)	3 (12,5%)

Нәтижелерді талдау барысында пайыздық салыстыру әдісі қолданылды. Эксперимент қорытындысы бойынша жоғары деңгейдегі оқушылар үлесі 20,8%-дан 41,7%-ға дейін өсіп, 20,9%-дық оң өзгеріс көрсетті. Орта деңгейдегі оқушылар үлесі 50,0%-дан 45,8%-ға дейін аздап өзгерді. Төмен деңгейдегі оқушылар саны 29,2%-дан 12,5%-ға дейін төмендеп, 16,7%-дық оң динамика байқалды.

Алынған нәтижелер пәнаралық жобаларды жүйелі пайдалану бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға оң әсер ететінін дәлелдейді. Зерттеудің пилоттық сипатына байланысты нәтижелер пайыздық талдау арқылы өңделді.

Эксперимент барысында оқушылардың оқу тапсырмаларын орындауға қызығушылығының артуы, топтық жұмысқа белсенді қатысуы, шығармашылық шешімдерді ұсынуы және өз пікірін еркін жеткізуі байқалды. Атап айтқанда, «Экологиялық зерттеу» жобасы зерттеушілік дағдыларды дамытуға ықпал етсе, «Уақыт капсуласы» жобасы оқушылардың қиялын, рефлексиясын және шығармашылық өзін-өзі көрсетуін дамытуға мүмкіндік берді.

1-суретте ұсынылған жеті негізгі фактор біздің зерттеуіміздің аясында отандық және шетелдік (соның ішінде Scopus базасындағы) ғылыми әдебиеттер мен озық педагогикалық тәжірибелерге мазмұндық-контенттік талдау (content analysis) жүргізу нәтижесінде айқындалды. Сәтті жүзеге асқан халықаралық жобалардың («Global Youth Debates», «ArtLink» т.б.) құрылымын, мақсаттары мен нәтижелі көрсеткіштерін өзара салыстыра талдау барысында олардың тиімділігін қамтамасыз ететін, ең жиі қайталанатын 7 педагогикалық шарт пен компонент бөліп алынды. Бұл факторлар (білімді интеграциялау, сыни ойлау, практикалық бағыттылық, шығармашылық еркіндік, пәнаралық құзыреттілік, оқу мотивациясы және ынтымақтастық) бастауыш сынып оқушысының креативті ойлау жүйесін іске қосатын негізгі қозғаушы күштер ретінде жүйеленді.



Сурет 1 – Бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуда пәнаралық жобаларды қолданудың негізгі факторлары

1-суретте көрсетілгендей бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуда пәнаралық жобаларды қолданудың факторларына:

Біріншіден, пәнаралық жобалар әртүрлі саладағы білімдерді біріктіріп, оқушыларға оқу пәндері арасындағы байланысты мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың материалды тереңірек түсінуіне ықпал етеді, себебі олар білімді жеке жеке фактілер жиынтығы ретінде емес, біртұтас білім жүйесі ретінде қабылдай бастайды. Екіншіден, пәнаралық жобалар бойынша жұмыс жасау оқушылардан түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдау, синтездеу және бағалауды талап етеді. Бұл сыни ойлау қабілетін және саналы шешім қабылдау қабілетін дамытуға ынталандырады. Үшіншіден, мұндай жобалар көбінесе нақты мәселелерді шешуге бағытталған, бұл оқушыларға практикалық дағдыларды дамытуға және теориялық білімді іс жүзінде қолдануға үйренуге көмектеседі. Келесі маңызды фактор – жобалар оқушыларға тапсырмаларды орындаудың әдістері мен тәсілдерін таңдауға еркіндік береді, бұл шығармашылық қабілеттер мен инновациялық ойлауды дамытуға ықпал етеді. Бесіншіден, кәсіби және өмірлік міндеттер барған сайын пәнаралық болып келе жатқан қазіргі әлемде әртүрлі салалардағы білімді біріктіру және оларды шешуге шығармашылықпен қарау қабілеті құнды дағды болып табылады. Тағы бір маңызды фактор-пәнаралық жобаларды оқушылар қызықты және өзекті деп қабылдайды, бұл олардың мотивациясын арттыруға және оқу процесіне белсенді қатысуға ықпал етеді. Сонымен қатар, пәнаралық жобаларды орындау барысында балалар топтарда жұмыс істеуге, басқалармен өзара әрекеттесуге және бірлескен іс-әрекеттерді жүзеге асыруға үйренеді, бұл олардың болашақ кәсіби және жеке дамуы үшін маңызды дағды болып табылады.

Жоғарыда аталған факторлар білім беру процесінде пәнаралық жобаларды қолданудың маңыздылығын растайды. Алайда, біздің еліміздің білім беру ұйымдарында пәнаралық жобалар салыстырмалы түрде сирек қолданылады. Сонымен қатар, шетелдер аталған жобаларды білім беру жүйесіне белсенді енгізді. Яғни, шетелде пәнаралық жобаларды креативтілікті дамытудың негізгі құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Келесі мысалдарды қарастырсақ:

Global Youth Debates халықаралық бірлескен жобасы зерттеу қызметі мен ресми пікірталас өткізу төңірегінде құрылған. Жоба жаһандық құзыреттілікті, халықаралық дүниетанымды және онлайн-коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал ете отырып, мазмұнды пікірталас жүргізу мақсатында әртүрлі мәдениеттердегі оқушыларды байланыстыру үшін Web 2.0 құралдарын пайдаланады. Осы шабыттандыратын халықаралық жоба аясында 69 елден 250 мектеп төрт апта бойы климаттың өзгеруіне байланысты тақырыптар бойынша ынтымақтасады. Алты түрлі континенттің оқушылары осы мәселелер бойынша зерттеулер жүргізеді, идеяларды талқылайды және өз жұмысының нәтижелерін бейнематериалдар мен онлайн презентациялар арқылы ұсынады.

3-ші және 12-ші сынып оқушыларына арналған ArtLink халықаралық алмасу бағдарламасы көркем шығармашылық арқылы мәдениетаралық

өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған. Бағдарлама аясында оқушылар өздерінің өмірі мен мәдениетін бейнелейтін өнер туындыларын жасайды, содан кейін өз жұмыстарын басқа елден келген серіктестік сыныппен алмастырады. Өзара әрекеттесу барысында оқушылар шетелдік өнермен танысады және өз мәдениеті туралы да, басқа халықтардың мәдениеті туралы да жаңа түсінік алады. Бастауыш сынып оқушылары үшін жоба негізінен 8-11 жасқа (3-6 сыныптар) бағытталған. Жоба өмір салты, қарым-қатынас, мәдени түсінік және дүниетаным сияқты ұғымдарды қамтиды.

Classroom conversations with the World жобасы мультимедиялық байланыс пен талқылауға арналған платформа болып табылатын voicethread веб-қосымшасы арқылы әлемнің әртүрлі елдерінен оқу сабақтарын біріктіреді. Бұл тәсіл оқушыларға шетелдік құрдастарымен бірлесіп оқу тақырыптарын зерттеуге және пікір алмасуға мүмкіндік береді, бұл мәдениетаралық өзара іс-қимыл мен коммуникативтік дағдыларды дамытуға ықпал етеді. My Identity, Your Identity Project: оқушылардың жеке басын қалыптастыратын элементтерді, соның ішінде олардың қауымдастығының дәстүрлері мен маңызды нысандарын зерттеуге бағытталған. Бұл жобаны жүзеге асыру оқушыларға мәдени әртүрлілікті жақсы түсінуге және бағалауға көмектеседі, сонымен бірге зерттеу дағдылары мен өзін-өзі көрсету қабілеттерін дамытады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар көрсетілгендей, шетелде пәнаралық жобалар мектеп шеңберінде ғана емес, сонымен қатар халықаралық деңгейде қолданылады. Бұл олардың маңыздылығы мен тиімділігін көрсетеді. Ұсынылған шетелдік жобалар бірінші кезекте оқушылардың креативтілігін дамытуға бағытталған. Осы жобалардың білім беру жүйесіне сәтті интеграциялануына әсер еткен негізгі факторларына тоқталсақ.

Балалардың шығармашылық ойлауын ынталандыратын пәнаралық білім беру жобаларының сәттілігінің негізгі факторлары келесі аспектілер болып табылады. Тиімді пәнаралық жобалар оқушыларға әртүрлі білім салалары арасындағы байланысты көруге мүмкіндік беретін әртүрлі оқу пәндерінің элементтерін біріктіреді. Бұл оқу материалын тереңірек түсінуге және жүйелік ойлауды дамытуға ықпал етеді, бұл өз кезегінде креативті ойлауды ынталандырады. Оқушыларға жобалармен жұмыс істеу тәсілдері мен әдістерін таңдау еркіндігін беру жеке шығармашылық пен өзін-өзі көрсетуді дамытуға ықпал етеді. Бірлескен іс-әрекетті және оқушылар арасында пікір алмасуды қолдайтын жобалар коммуникативтік дағдыларды, командада жұмыс істеу және туындаған мәселелерді бірлесіп шешу қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Цифрлық технологиялар мен заманауи білім беру құралдарының интеграциясы жобалардың интерактивтілігін күшейтеді және зерттеу мен шығармашылыққа жаңа мүмкіндіктер ашады. Сонымен қатар, үнемі бағалау және рефлексия процесі оқушыларға сыни ойлауды дамытуға ықпал ететін оқу іс-әрекетінің өзіндік жетістіктері мен ерекшеліктерін білуге көмектеседі. Пәнаралық жобаларды табысты іске асыруда оқушылардың қолдауын, кері байланысын және қажетті қызмет бағытын қамтамасыз ететін тәлімгер және фасилитатор ретінде

әрекет ететін мұғалім маңызды рөл атқарады. Бұл факторлардың барлығы білім алушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылығын және инновациялық қызмет қабілеттерін ынталандыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасайды.

Шетелдік тәжірибеге және пәнаралық жобалардың табыстылығының негізгі факторларына сүйене отырып, біз бастауыш сынып оқушыларының креативтілікті дамытуға бағытталған келесі жобаларды ұсынамыз:

1. «*Экологиялық зерттеу*» жобасы білім алушылардың табиғатқа танымдық қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ олардың шығармашылық және сыни ойлауын дамытуға бағытталған пәнаралық білім беру нысаны болып табылады. Жобаның мақсаты-білім алушылардың жергілікті экожүйені зерттеу арқылы әртүрлі тірі организмдер мен олардың тіршілік ету ортасы арасындағы байланысты түсіну, байқау және талдау қабілетін қалыптастыру, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен идеялардың көркемдік көрінісі арқылы олардың шығармашылық әлеуетін дамыту.

Жоба мазмұны қоршаған әлем, жаратылыстану, технология және өнер салаларындағы пәндерді интеграциялау негізінде жүзеге асырылады. «Қоршаған әлем» пәні аясында оқушылар өсімдіктер мен жануарларды, сондай-ақ олардың арасындағы байланысты зерттейді. Жаратылыстану-ғылыми цикл пәндері арқылы оқушылар экожүйенің орналасуын, оның климаттық жағдайлары мен табиғи ерекшеліктерін анықтайды. Жобаның көркемдік бағыты суреттер, коллаждар және басқа да шығармашылық жұмыстар арқылы табиғатты бақылау нәтижелерін шығармашылықпен көрсетуге мүмкіндік береді.

Жобаны жүзеге асыру барысында білім алушылар алдымен экожүйе және биоәртүрлілік ұғымдарымен танысады, сонымен қатар табиғатты бақылау мен деректерді жинаудың қарапайым әдістерін меңгереді. Зерттеу кезеңінде жергілікті саябаққа немесе табиғи аймаққа экскурсиялар ұйымдастырылады, онда балалар өсімдіктер мен жануарларды бақылайды, олардың тіршілік ету ерекшеліктері туралы ақпарат жинайды, сондай-ақ осы аумақтың географиялық және климаттық ерекшеліктерін зерттейді.

Жиналған ақпаратқа сүйене отырып, білім алушылар шығармашылық жұмыстар арқылы табиғат туралы түсініктерін суреттер, коллаждар немесе модельдер түрінде ұсынады, сонымен қатар топтық талқылау барысында өз идеяларымен бөліседі.

Жобаның келесі кезеңінде алынған мәліметтерге талдау жасалады және экожүйені сақтаудың мәні қарастырылады. Оқушылар адам қызметінің табиғатқа әсері туралы өз қорытындыларын қалыптастырады және экологиялық жауапкершілік мәселелеріне жеке көзқарасын дамытады. Сонымен қатар, жоба нәтижелерін тарату мақсатында оқушылардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі ұйымдастырылады, онда олар өз зерттеулерін сыныптастарына, ата-аналарына және мектеп қоғамдастығына ұсынады..

Жобаның практикалық нәтижесі оқушылардың жергілікті ортадағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар әзірлеуі болып

табылады. Атап айтқанда, мектеп оқушылары табиғатты қорғауға бағытталған нақты іс-шаралар жоспарын жасайды, мысалы, ағаш отырғызу, құс қоректендіргіштерін орнату және басқа да экологиялық бастамалар, бұл олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бұл жоба оқушыларға табиғаттың күрделілігі мен сұлулығын түсінуге көмектеседі, олардың зерттеу дағдыларын дамытады және өз идеялары мен білімдерінің шығармашылық көрінісін ынталандырады.

2.«Уақыт капсуласы» жобасы оқушылардың қазіргі заманның тарихи маңыздылығын түсінуін қалыптастыруға, жазбаша және ауызша дағдыларын дамытуға, сондай-ақ шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған пәнаралық білім беру жобасы. Жобаның мазмұны дүниетану, әдебиеттік оқу, қазақ тілі және өнер пәндерінің өзара байланысы негізінде іске асырылады. Дүниетану пәні арқылы оқушылар қазіргі кезеңді тарихи үдерістің бөлігі ретінде қарастырып, уақыт пен қоғам арасындағы байланысын біледі. Әдебиеттік оқу сабақтарында өз ойларын дәйекті түрде жеткізу, баяндау және жазу дағдылары дамиды, ал өнер бағыты қазіргі мәдениетті бейнелейтін шығармашылық жұмыстарды орындауға мүмкіндік береді.

Жобаны іске асыру барысында алдымен «уақыт капсуласы» ұғымы, оның тарихи және мәдени маңызы, сондай-ақ қазіргі қоғамның, мәдениет пен технологияның адам өміріне әсері талқыланады. Өз уақыты туралы ақпаратты болашақ ұрпаққа берудің маңыздылығын түсіне отырып, оқушылар капсулаға арналған материалдарды таңдауға кіріседі. Бұл кезеңде олар қазіргі өмірді сипаттайтын әртүрлі заттарды жинайды, мысалы, газет қиындылары, фотосуреттер немесе тұрмыстық заттар. Сонымен қатар, оқушылар болашаққа өз өмірлері, қызығушылықтары, армандары мен үміттері туралы хат жазады.

Жобаның шығармашылық кезеңінде оқушылар қазіргі қоғамның бейнесін бейнелейтін көркем шығармалар жасайды. Бұл жұмыстар олардың дүниетанымын, мәдени құндылықтарды қабылдауын және шығармашылық ойлау қабілетін ашуға мүмкіндік береді. Осыдан кейін барлық жиналған материалдар жүйеленіп, арнайы капсулаға орналастырылады. Оқушылар капсуланы сақтау орны және оның болашақта ашылу мерзімі туралы бірлесіп шешім қабылдайды, бұл уақыт пен тарихи жадқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоба нәтижесінде оқушылар өз жұмыстарын ұсынады, болашаққа жазған хаттары мен шығармашылық идеяларымен бөліседі. Тұсаукесер барысында олар өз уақыттары туралы қандай жаңа идеяларды қалыптастыра алғанын талқылайды. Соңғы кезеңде тарихи жадының маңыздылығы, ақпаратты сақтау және білімді болашақ ұрпаққа берудегі заманауи технологиялардың рөлі туралы рефлексия жүргізіледі. Осылайша, жоба оқушылардың білімін кеңейтіп қана қоймай, олардың азаматтық ұстанымын, мәдени санасы мен шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді.

### Талқылау

Бұл жоба оқушыларға тарихтағы өз рөлін түсінуге көмектеседі, олардың әдеби және көркемдік қабілеттерін дамытады және болашақ туралы ойлауға шақырады.

Мектепте бірнеше мұғалімдер, осындай пәнаралық жобаларды бірлесіп жасай алады. Біздің ойымызша, әрбір мектеп белгілі бір білім беру ортасы үшін ең өзекті болып табылатын бағыттарда білім беру бағдарламасына пәнаралық жобаларды құру және енгізу қажет. Пәнаралық жобаларды оқу жоспарларына қоспас бұрын, олардың білім беру стандарттары мен оқу мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету қажет. Пәнаралық оқыту әдістемесі бойынша мұғалімдерге арналған тренингтер мен семинарлар өткізу маңызды. Бұл мұғалімдердің пәнаралық жобалармен жұмыс істеу тәжірибесінің болмауы оларды тиімді пайдалану мүмкіндіктерін шектейтіндігіне байланысты. Сондай-ақ, қажетті ресурстарға, соның ішінде оқу материалдарына, заманауи технологияларға және жобалық қызметке арналған арнайы кеңістіктерге қол жеткізуді қамтамасыз ету қажет. Жергілікті қоғамдастықты жобаларды жүзеге асыруға тарту, мысалы, сарапшылардың қатысуы немесе қосымша ресурстар беру арқылы маңызды рөл атқарады.

Мұғалімдер пәнаралық жобаларды әзірлеу барысында өзекті тақырыпты таңдауға және оны жүзеге асыру процесін ұйымдастыруға байланысты пәнаралық жобаларды әзірлеуде қиындықтарға тап болады. Осы қиындықтардың алдын алу үшін арнайы стратегияны ұсынамыз (Кесте 3).

### Кесте 3 - Мұғалімдерге пәнаралық жобаларды даярлауда көмектесетін стратегия

1	Оқушылардың қызығушылықтарына арттыратын тақырыптарды таңдау	Оқушыларға қандай тақырыптар қызықты екенін білу үшін сауалнамалар немесе пікірталастар өткізу. Балалардың табиғи қызығушылығын тудыруы мүмкін ғарыш, табиғат, технология, өнер сияқты өзекті және қызықты тақырыптарды қосу.
2	Топтық жобалар және топтық жұмыс	Оқушыларды жобаларда бірлесіп жұмыс істеу үшін шағын топтарға ұйымдастыру, бұл қарым-қатынас дағдыларын дамытады және топта жұмыс істеуге үйретеді. Топтағы әрбір оқушының қызығушылықтары мен күшті жақтарына сәйкес рөлдер мен тапсырмаларды беру.
3	Интерактивті және практикалық сабақтар	Оқу үдерісін қызықты ету үшін ойындар, эксперименттер, рөлдік ойындар сияқты интерактивті оқыту әдістерін қолдану. Оқушылар өз бетінше тәжірибе жасап, зерттей алатын практикалық әрекеттерді ынталандыру.
4	Технологияны қолдану	Планшеттер, компьютерлер және интерактивті тақталар сияқты заманауи технологияларды оқу үдерісінде қолдану. Жобалық жұмысты толықтыру үшін білім беру қолданбалары мен онлайн платформаларды пайдалану.
5	Таңдау беру	Оқушыларға берілген тақырып бойынша жоба тақырыптарын немесе жұмыс аспектілерін таңдауға мүмкіндік беру. Жоба аясында өз бетінше жұмыс істеуге және шешім қабылдауға шақыру

Егер мұғалім пәнаралық жобаны әзірлеу кезінде осы Стратегияны басшылыққа алса, бұл жоба оқушылар үшін тиімді және қызықты болады. Сонымен бірге, мұғалімге жобаны іске асыру барысында бірқатар қиындықтар мен кедергілерге тап болуы мүмкін екенін түсіну маңызды. Ең алдымен, пәнаралық жобалар уақытты, оқу материалдарын және мұғалімдердің арнайы дайындығын қоса алғанда, қосымша ресурстарды қажет етеді. Негізгі міндеттердің бірі-әртүрлі пәндік салалардағы мұғалімдер арасында тиімді өзара әрекеттесу мен бірлескен жоспарлауды қамтамасыз ету. Сонымен қатар, оқушылардың жеке жетістіктерін де, топтық жұмыстың нәтижелерін де ескеретін кешенді бағалау жүйесін әзірлеу қажеттілігі туындайды. Жалпы, пәнаралық жобаларды бастауыш сынып оқушыларына арналған білім беру бағдарламаларына біріктіру білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде мұқият жоспарлауды және жан-жақты қолдауды қажет етеді.

Осылайша, осы зерттеу аясында пәнаралық жобалардың барлық мүмкіндіктері мен қиындықтарын ескере отырып, келесі қорытынды жасауға болады. Пәнаралық жобалар балаларға әртүрлі білім салалары арасындағы байланысты көруге мүмкіндік беру арқылы білім беруде жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл тәсіл оқу материалын түсінуді терендетіп қана қоймайды, сонымен қатар оқушылардың ойлау икемділігі мен инновациялық іс-әрекетке қабілеттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Дәстүрлі білім беру жүйелері көбінесе фактілер мен формулаларды есте сақтауға бағытталған, шығармашылық пен сыни ойлаудың дамуына назар аудармайды. Пәнаралық жобалар бастауыш сынып оқушылары үшін оқу процесін динамикалық және қызықты ететін балама тәсілді ұсынады. Пәнаралық жобаларды сәтті жүзеге асыру үшін мұғалімдерді даярлау мен қолдау ерекше маңызға ие. Мұғалімдер әртүрлі оқу пәндерін бірыңғай білім беру процесіне біріктіру үшін қажетті білім мен дағдыларға ие болуы керек. Ата-аналар мен жергілікті қоғамдастықтың белсенді қатысуы да маңызды рөл атқарады, өйткені мұндай жобалардың құндылығын түсіну балалардың қызығушылығы мен мотивациясын тиімді сақтауға мүмкіндік береді. Негізгі қиындықтардың бірі пәнаралық жобаларды қолданыстағы білім беру құрылымдарына біріктіру болып қала береді. Осыған байланысты балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың шығармашылығын дамытуға ықпал ететін жаңа әдістерді әзірлеу және сынақтан өткізу қажеттілігі туындайды. Мұндай жобаларды енгізу мұғалімдердің, ата-аналардың және бүкіл білім беру жүйесінің келісілген күш-жігерін талап етеді, алайда олар ашқан мүмкіндіктер бұл бағытты қазіргі білім беру үшін өте маңызды және өзекті етеді.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, зерттеу нәтижелері пәнаралық жобалардың бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуда маңызды педагогикалық құрал болып табылатынын көрсетті. Ғылыми әдебиеттер мен шетелдік тәжірибелерді талдау негізінде пәнаралық жобалардың

оқушылардың шығармашылық ойлауын, сыни тұрғыдан талдау қабілетін, зерттеушілік дағдыларын, коммуникативтік құзыреттілігін және оқу мотивациясын дамытуға ықпал ететіні анықталды.

Зерттеу барысында пәнаралық жобалардың тиімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторлар жүйеленді. Оларға білімді интеграциялау, оқушылардың шығармашылық еркіндігін қамтамасыз ету, практикалық бағыттылық, топтық жұмыс, цифрлық технологияларды қолдану және рефлексияны ұйымдастыру жатады. Аталған факторлар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырып, олардың жаңа идеяларды ұсыну және стандартты емес шешімдер қабылдау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижесінде бастауыш мектеп жағдайында қолдануға бейімделген «Экологиялық зерттеу» және «Уақыт капсуласы» атты пәнаралық жобалар ұсынылды. Бұл жобалар оқушылардың қоршаған ортаны тануына, шығармашылық әлеуетін ашуына, өз ойын еркін жеткізуіне және алған білімдерін өмірлік жағдаяттарда қолдануына жағдай жасайды.

Практикалық тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері мұғалімдерге пәнаралық жобаларды жоспарлау және жүзеге асыру бойынша әдістемелік ұсыныстар ұсынады. Пәнаралық жобаларды білім беру үдерісіне жүйелі енгізу бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытуға, олардың ХХІ ғасыр дағдыларын қалыптастыруға және өзгермелі қоғам жағдайында табысты әлеуметтенуіне ықпал етеді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы келесі нәтижелермен айқындалады:

– бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудағы пәнаралық жобалардың тиімділігін анықтайтын 7 негізгі педагогикалық фактор ғылыми-теориялық тұрғыдан негізделіп, жүйеленді;

– отандық білім беру мазмұнына сәйкес, бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне бейімделген «Экологиялық зерттеу» (жаратылыстану-көркемдік бағыт) және «Уақыт капсуласы» (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) атты пәнаралық жобалардың құрылымдық-мазмұндық үлгісі даярланды;

– эксперимент нәтижелері ұсынылған жобалардың бастауыш сынып оқушыларының креативтілігін дамытудағы тиімділігін көрсетті.

Қорыта келгенде, пәнаралық жобалар бастауыш білім беру жүйесінде оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың, олардың танымдық белсенділігін арттырудың және инновациялық ойлауын қалыптастырудың тиімді құралы болып табылады.

## ӘДЕБИЕТ

- [1] Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2019. – 400 с.
- [2] Бахишева С. М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: оқулық. - Алматы: «Дәуір», 2011 ж. - 336 с.
- [3] Бөрібекова Ф. Б., Жанатбекова Н. Ж. Бастауыш сыныптарда пәнаралық интеграцияны ұйымдастыру әдістемесі. – Алматы: Кітап, 2023. – 156 б.

[4] Бұзаубақова, К. Ж. Жаңа педагогикалық технология: оқу құралы. - Алматы: Жазушы, 2004. - 208 с.

[5] Lucas B. Teaching Creative Thinking: Developing learners who generate ideas and can think critically / B. Lucas, E. Spencer. Crown House Publishing, 2017. - 216 p.

[6] Sawyer R.K. Dialogic status in design education: Authority and peer relations in studio class conversations // Social psychology quart. – 2019. – Vol. 82, N 4. – P. 407– 430.

Chappell K, Craft A. Creative learning conversations: producing living dialogic spaces. – 2011. Educational Research. – 2011.- 53 (3). – p. 363-385

Henriksen, D., Creely, E., & Henderson, M. Failing in creativity: The problem of policy and practice in australia and the United States. Kappa Delta Pi Record -2019. - 55(1). -p. 4–10.

Beghetto R. A. Beautiful Risks: Fostering Creativity in the Classroom. – New York: Teachers College Press, 2010. – 168 p.

Торренс Э. П. Диагностика креативности: Торренс тест сынамалары. // Психологиялық журнал. – 2021. – №3 (2). – 45–52 бб.

#### REFERENCES

[1] Maslou A. Motivatsiya i lichnost [Motivation and Personality]. – SPb.: Piter, 2019. – 400 s. [in Rus]

[2] Bakhisheva S.M. Pedagogikalyk zhobalau: teoriyasy men tekhnologiyasy [Pedagogical Design: Theory and Technology]. – Almaty: “Daur”, 2011. – 336 s. [in Kaz]

[3] Boribekova F.B., Zhanatbekova N.Zh. Bastauysh synyptarda panaralyk integratsiyany uyymdastyru adistemesi [Methodology of Organizing Interdisciplinary Integration in Primary Classes]. – Almaty: Kitap, 2023. – 156 b. [in Kaz]

[4] Buzaubakova K. Zh. Zhana pedagogikalyk tekhnologiya [New Pedagogical Technologies]. – Almaty: Zhazushy, 2004. – 208 s. [in Kaz]

[5] Lucas B. Teaching Creative Thinking: Developing learners who generate ideas and can think critically / B. Lucas, E. Spencer. Crown House Publishing, 2017. - 216 p.

[6] Sawyer R.K. Dialogic status in design education: Authority and peer relations in studio class conversations // Social psychology quart. – 2019. – Vol. 82, N 4. – P. 407– 430.

[7] Chappell K, Craft A. Creative learning conversations: producing living dialogic spaces. – 2011. Educational Research. – 2011.- 53 (3). – p. 363-385

[8] Henriksen, D., Creely, E., & Henderson, M. Failing in creativity: The problem of policy and practice in australia and the United States. Kappa Delta Pi Record -2019. - 55(1). -p. 4–10.

[9] Beghetto R. A. Beautiful Risks: Fostering Creativity in the Classroom. – New York: Teachers College Press, 2010. – 168 p.

[10] Torrens E. P. Diagnostika kreativnosti: Torrens test synamalary [Diagnosis of Creativity: Torrance Tests]. // Psikhologiyalyk zhurnal. – 2021. – №3 (2). – 45–52 bb. [in Rus]

## РАЗРАБОТКА МЕЖДИСЦИПЛИНАРНЫХ ПРОЕКТОВ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ КРЕАТИВНОСТИ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

\*Алиманова А.Т.<sup>1</sup>, Жазыкова М.К.<sup>2</sup>, Альситова А.Б.<sup>3</sup>, Мустаяпова А.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова,  
Актобе, Казахстан

<sup>4</sup>Западно-Казахский медицинский университет им. М.Оспанова,  
Актобе, Казахстан

**Аннотация.** В современной системе образования развитие креативности учащихся начальных классов является особенно актуальной задачей. Исследование направлено на всесторонний анализ влияния междисциплинарных образовательных проектов на формирование креативных способностей детей данного возраста. Основной целью исследования является определение и оценка эффективности междисциплинарных проектов как средства развития креативности у младших школьников. Статья формирует новое научное представление о роли междисциплинарных проектов в образовательном процессе и вносит значимый вклад в педагогику и психологию. Практическая значимость заключается в разработке методических рекомендаций для учителей и образовательных организаций. Кроме того, результаты исследования могут способствовать повышению качества обучения и развитию творческой активности учащихся.

Исследование основывается на комплексном анализе литературы, кейс-стади успешных междисциплинарных проектов из разных стран. Применяются как качественные, так и количественные методы исследования. В ходе исследования на основе анализа зарубежного опыта были выявлены 7 ключевых факторов, обеспечивающих эффективность междисциплинарных проектов в развитии креативности учащихся начальных классов: интеграция знаний, развитие критического мышления, практическая направленность, творческая свобода, междисциплинарная компетентность, учебная мотивация и сотрудничество. Кроме того, были разработаны структуры междисциплинарных проектов «Экологическое исследование» и «Капсула времени», рекомендованных для применения в условиях начальной школы. Выводы подчеркивают важность интеграции таких проектов в образовательную программу для стимулирования креативности и формирования готовности к инновационному мышлению у младших школьников. Результаты исследования предоставляют практические рекомендации для образовательных учреждений по внедрению и эффективному использованию междисциплинарных проектов в образовательном процессе, что способствует повышению качества образования и всестороннему развитию учащихся.

**Ключевые слова:** креативность, развитие креативности, учащиеся начальных классов, междисциплинарные проекты, межпредметное обучение, система образования, инновационные подходы, творческое мышление

## DEVELOPING INTERDISCIPLINARY PROJECTS FOR FOSTERING CREATIVITY IN PRIMARY SCHOOL STUDENTS

\*Alimanova A.T.<sup>1</sup>, Zhazykova M.K.<sup>2</sup>, Alsitova A.B.<sup>3</sup>, Mustoyapova A.<sup>4</sup>

\*<sup>1,2,3</sup>K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

<sup>4</sup>West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, Aktobe, Kazakhstan

**Abstract.** In the modern education system, the development of creativity among primary school students is a particularly relevant task. The study is aimed at a comprehensive analysis of the impact of interdisciplinary educational projects on the formation of creative abilities in children of this age group. The main objective of the research is to identify and evaluate the effectiveness of interdisciplinary projects as a means of developing creativity in younger schoolchildren. The article forms a new scientific understanding of the role of interdisciplinary projects in the educational process and makes a significant contribution to pedagogy and psychology. The practical significance lies in the development of methodological recommendations for teachers and educational institutions. Moreover, the results of the study may contribute to improving the quality of education and enhancing students' creative activity.

The research is based on a comprehensive analysis of literature and case studies of successful interdisciplinary projects from different countries. Both qualitative and quantitative research methods are applied. Based on the analysis of international experience, the study identified seven key factors ensuring the effectiveness of interdisciplinary projects in developing creativity among primary school students: knowledge integration, critical thinking development, practical orientation, creative freedom, interdisciplinary competence, learning motivation, and collaboration. In addition, the structures of two interdisciplinary projects, “Environmental Research” and “Time Capsule,” were developed and recommended for implementation in primary school settings. The conclusions emphasize the importance of integrating such projects into the educational curriculum to stimulate creativity and foster readiness for innovative thinking among younger schoolchildren. The results of the study provide practical recommendations for educational institutions on the implementation and effective use of interdisciplinary projects in the educational process, contributing to improved educational quality and the comprehensive development of students.

**Keywords:** creativity, creativity development, primary school students, interdisciplinary projects, interdisciplinary learning, education system, innovative approaches, creative thinking

*Мақала түсті / Статья поступила / Received: 17.11.2025.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 26.06.2026.*

### **Авторлар туралы мәлімет:**

Алиманова Ақгул Туремуратовна – магистр, оқытушы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: akgul.t.2016@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2399-6723>

Жазыкова Макпал Кожагалиевна - педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: makash\_k@mail.ru

Альситова Асемгуль Бахтыгалиевна, PhD, аға оқытушы, Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту кафедрасы, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: aalsitova@zhubanov.edu.kz

Мустаяпова Алтынгүл – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, КЕАҚ Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті, тілдер кафедрасы, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: Altyn-ac@mail.ru

### ***Информация об авторах:***

Алиманова Ақгүл Туремуратовна - магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: akgul.t.2016@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2399-6723>

Жазыкова Макпал Кожагалиевна - кандидат педагогических наук, доцент, кафедра дошкольного и начального обучения, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: makash\_k@mail.ru

Альситова Асемгуль Бахтыгалиевна, PhD, старший преподаватель, Кафедра дошкольного и начального обучения, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Актөбе, Казахстан, e-mail: aalsitova@zhubanov.edu.kz

Мустаяпова Алтынгүл – кандидат педагогических наук, доцент, НАО Западно-Казахский медицинский университет им. М.Оспанова, кафедра языков, Актөбе, Казахстан, e-mail: Altyn-ac@mail.ru

### ***Information about the authors:***

Alimanova Akgul Turemuratovna - Master of Education, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: akgul.t.2016@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2399-6723>

Zhazykova Makpal Kozhagalievna - Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor, Department of preschool and primary education, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: makash\_k@mail.ru

Assemgul Alsitova, PhD, Senior Lecturer, Department of Preschool and Primary Education, K. Zhubanov Aktobe Regional University, e-mail: aalsitova@zhubanov.edu.kz

Mustoyapova Altyngul – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate professor, Non-commercial Joint Stock Company West Kazakhstan Marat Ospanov Medical University, languages department, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: Altyn-ac@mail.ru